

Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі секторлық бағдарламаны жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 4 желтоқсан N 1654

"Қазақстан бойынша донор-елдердің консультативтік тобының кеңесін өткізу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 мамырдағы N 608 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік инвестициялық басымдықтар бағдарламасына сәйкес және "Жеңіл өнеркәсіптің" секторлық бағдарламасын жүзеге асыруды көздейтін, сондай-ақ дамуға ресми көмек шеңберіндегі Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің жеңілдікті кредит қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін босалқы бөлшектер мен химиялық материалдар сатып алу жобасын жүзеге асыру үшін Германия Федеративтік Республикасының Қалпына келтіру жөніндегі (KFW) кредит ведомствосы беретін 5 (бес) миллион неміс маркасы сомасындағы ұзақ мерзімді жеңілдікті кредитті пайдалану м а қ ұ л д а н с ы н .

2. "Аққу", "Надежда", "Алматы кілем" және "Жамбылкожобувь" акционерлік қоғамдары кредиттің түпкі займшылары ретінде Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкіне кредитті өтеу жөніндегі кепілдік міндеттемелерін ұсынсын.

Қызмет көрсетуші банктердің сақтық жарнасын, комиссияларын, барлық жолай шығыстар мен проценттерді, сондай-ақ тартылатын кредитті төлеу түпкі займшылардың өз қаражаттары есебінен жүргізілетіні назарға алынсын.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

"Легпром" акционерлік қоғамымен бірлесіп Германия Федеративтік Республикасының Қалпына келтіру жөніндегі (KFW) кредит ведомствосы беретін 5 (бес) миллион неміс маркасы сомасына кредиттік келісім әзірлеп, қол қоятын болсын; түпкі займшыларымен ішкі келісімдер жасассын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кредитті өтеу жөнінде кері к е п і л д і к т е р б е р с і н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының кепілдігін берсін;

Қазақстан Республикасының кепілдігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен келісім жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Легпром" акционерлік қоғамы аталған жобалардың орындалуына және таратылатын кредиттің дер кезінде өтелуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет секторлық бағдарламаны жүзеге асыруға жалпы басшылық пен бақылау жасауды іске асыратын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК